

СИҚЫРЛЫ СӨЗ



Сақалы белуарына түскен шүйкедей шал орындықта отырып, қолшатырының ұшымен құмның бетіне әлденені сызуда. Павлик оған:

- Әрі таман отырыңызшы,-деді де, келіп орындықтың шетіне жайғасты.

Қарт жылжып орын беріп, баланың қызарған ашулы бетіне үңіле қарап:

- Саған бірдеңе болған ғой, сірә, - деді.

- Болса ше? Сіздің онда жұмысыңыз қанша?- деп, Павлик қартқа ала көзімен бір қарады.

-Менің онда шаруам жоқ, әрине. Бірақ сен жаңа ғана айқайлап, жылап, біреумен керісіп қалған сыңайдасың...

-Өйтпегенде ше!- деп бала ашумен күңк етті. - Жақын арада, тіпті үйімнен қашып кетемін.

- Қашып кетемін деймісің?

- Қашып кетемін! Бір ғана Ленканың көрсеткен қорлығынан қашып кетем,-деп Павлик жұдырығын түйді. -Жаңа өзін келістіре соғып жібере жаздадым! Бірде-бір бояуын бергісі келмейді. Ал өзінде бояудың неше түрі бар.

- Бермейді дейсің бе? Ау, ол үшін қашып кетуің бекершілік.

- Ол үшін ғана емес. Әжем бір сәбізге бола мені асханадан сүлгімен соғып, айдап шықты... Павлик қорлана қорсылдап қояды.

- Еш нәрсе етпес!- деді қарт. Біреуі ұрысса, екіншісі есіркейді.

- Мені ешкім де есіркемейді!- деп, Павлик айқайлап жіберді. Ағам қайыққа мініп серуенге шыққанда мені ешқашан қасына ерткен емес. Мен оған: «Жаксылықпен ала кетсеңші, бәрібір сенен қалмаймын, ескегіңді тығып қоямын да, өзім қайығыңа отырып алам!»-деймін.

Павлик жұдырығымен орындықты бір қойып үндемей қалды.

- Сені ағаң қасына неліктен ертпейді?

- Осы сіз неге қазбалап сұрай бересіз?

Қарт ұзын сақалын бір сипап қойды.

- Менің саған көмектескім келеді. Мынадай бір сиқырлы сөз бар...

Павликтің аузы аңқиып қалыпты.

- Мен саған сол сөзді айтып берейін. Бірақ мынаны есіңнен шығарма: оны сөйлескен кісінің көзіне тура қарап, дауыстамай, жай ғана айтуың керек. Есіңде болсын: көзіне тура қарап, баяу дауыспен...

- Ол қандай сөз?

Қарт баланың құлағына еңкейді. Оның жұп-жұмсақ сақалы Павликтің бетін қытықтады. Ол құлағына әуелі бірдеңені сыбырлады да, соңынан даусын шығарып:

- Сиқырлы да өнегелі сөз осы. Тек оны қалай айту керектігін ұмытып қап жүрме.
- Мен айтып көрейін, қазір-ақ айтып көрейін,- деп Павлик мырс етіп күліп жіберді.

Павлик орнынан ұшып тұрып, үйіне қарай жүгіре жөнелді. Лена үстел басында сурет салып отыр екен. Оның алдында жасыл, көк, қызыл бояулар жатыр. Ол Павликті көре салысымен, бояуларын жалма-жан жинап алып, қолымен баса қойды. «Қарт алдаған екен,- деп ойлады бала ренжіп,-мұндай қыз сиқырлы сөзді түсіне қояр деймісің!..»

Павлик бір қырындап, қарындасына жақындап келіп, оның жеңінен тартты. Қарындасы оған жалт қарады. Сол кезде Павлик оның көзіне тура қарап, ақырын ғана:

- Лена, өтінемін, маған бір бояуыңды бере тұршы...-деді.

Ленаның көзі бадырайып, қарап қапты. Бояуларды жапқан қолын тартып алып:

- Саған қандайын берейін?- деп имене күбірледі.
- Көгін,- деді Павлик сенімсіздеу кейіпте. Ол бояуды алып, қолына ұстаған қалпы бөлме ішінде олай-бұлай біраз жүрді де, ақырында қарындасына қайтып берді. Оған бояудың керегі де жоқ еді. Оның ойлағаны сиқырлы сөздің әсері туралы ғана болатын. «Әжеме барайын. Ол дәл қазір нан пісіріп жатқан көрінеді. Қуып шығар ма екен?»

Павлик асхананың есігін ашса, әжесі қаңылтыр табадан ыстық самсаны алып жатыр екен. Немересі қасына жетіп барып, әжесінің қызара бөрткен әжімді бетін екі қолымен өзіне қарай бұрды да, көзіне тура қарап:

- Әже, өтінемін, маған бір самса беріңізші,- деді сыбырлап.

Әжесі басын көтеріп, қарап қалыпты. Өнегелі сөз, оның бетіндегі әрбір әжімінде, көзінде, езу тартқан күлкісінде жайнап шыға келді.

- Ыстық... Менің күнімнің ыстық самса жегісі келген екен ғой!-деді ол, ең жақсы қызарып піскен самсаны тандап жатып.

Павлик қуанғанынан секіріп-секіріп алып, әжесінің екі бетінен алма-кезек сүйіп жатыр. «Сиқыршы! Сиқыршы!» -деп қайталады бала ішінен манағы қартты есіне түсіріп.

Түскі тамақ кезінде Павлик үн-түнсіз отырып, ағасының бірде-бір сөзін шашау шығармай тыңдады. Ағасы қайықпен серуенге шығатынын айтқанда, Павлик қолын ағасының иығына салып, ақырын ғана:



-Аға, өтінемін, мені де ала кетіңізші,- деді.

Үстел басындағылар үнсіз тына қалыпты. Ағасы қабағын таңырқай көтеріп, күліп жіберді.

- Ала кетсеңші,- деді әпкесі,- оған нең кетер дейсің?
- Ертсе несі бар, әлбетте, ерту керек,- деп күлді әжесі.
- Өтінемін, ағатай,- деді тағы да Павлик.

Ағасы қарқылдап күліп жіберді де, баланың жауырынынан қағып, шашын ұйпалақтап:

- Пах, шіркін! Саяхатшы болғаныңа болайын! Жарайды, жинала бер!

«Тағы да! Тағы да сиқырлы сөздің бір көмегі тиді!» Павлик дастарқан басынан ұшып тұрып, аулаға жүгіріп шықты.

Манағы саяда отырған қарт кетіп қалған екен. Орындық бос тұр.

Тек құмның бетінде қолшатырдың ұшымен шимайланған бір

Түсініксіз белгілер ғана қалыпты.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1.Павлик саябақта кіммен кездесті? (Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ)

- А) досымен
- Ә) әжесімен
- Б) шалмен
- В) сиқыршымен

2. Берілген сөздердің ішінен Павликтің көңіл-күйін сипаттайтын сөздерді теріп жаз.
(Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ)

3.Сөйлемнің жалғасын тап. (Ақпаратты түсіндіру және жалпылауға арналған сұрақ)

Павлик үйінен қашып кеткісі келді, себебі,

4.Төмендегі мәтінге қатысты сөздердің кім немесе не туралы айтылғанын тауып көр. (Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ)

- 1.Ұзын, жұмсақ, ақ - _____
- 2.Ашулы - _____
- 3.Сиқырлы, өнегелі - _____
- 4.Жасыл, көк, қызыл - _____
- 5.Ыстық, қызарған - _____

5.«Сиқырлы сөзді» қалай айту керек? (Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ)

- А) баяу дауыспен, көзге тура қарап
- Ә) қатты дауыспен
- Б) ашулы үнмен
- В) қуанышты, көтеріңкі үнмен

6. Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін мақалдардың жалғасын тауып, сәйкестендір.
(Мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалауға арналған сұрақ)

- | | |
|---------------------------------------|----------------------------|
| 1) Жақсы сөз – ... | жылы сөз жанды жылытар. |
| 2) Жылы-жылы сөйлесең, ... | жасық сөз өтпес пышақтай. |
| 3) Асыл сөз – наркескен қылыштай, ... | жаман сөзге жан түршігеді. |
| 4) Жылы киім тәнді жылытар, ... | жарым ырыс. |
| 5) Жақсы сөзге жан семіреді, ... | жылан да інінен шығады. |